"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 маусымда № 20843 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі *Р. Даленов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2020 жылғы 5 маусымдағы
№ 47 бұйрығымен
бекітілді

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру " мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде, сол сияқты оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде талап етілетін сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

2) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға – ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

3) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті

атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

4) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

5) лицензия – жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

6) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

7) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік , оның ішінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін қызметтерді көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйе;

8) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

9) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

10) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

11) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны алу немесе қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүгінеді www.egov.kz (бұдан әрі – портал) және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес " Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішпен жүгінген кезде құжаттар түскен күні көрсетілетін қызметті беруші оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді (сағат 18.00-ден кейін түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес тіркеледі, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру кезінде мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі ұсынылған құжаттарды тіркеген кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мыналар:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегінің, атының, әкесінің атының (болған жағдайда) өзгеруі;

2) дара кәсіпкер-лицензиаттың қайта тіркелуі, оның атауының немесе заңды мекенжайының өзгеруі;

3) заңды тұлға-лицензиаттың "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылуы;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауының және (немесе) орналасқан жерінің өзгеруі (лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда);

5) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талаптың болуы лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) және 4) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды. Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензияны қайта ресімдеу кезінде мемлекеттік қызметті көрсетудің жалпы мерзімі ұсынылған құжаттар тіркелген кезден бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші басшысының ЭЦҚ-сымен қол қойылған электрондық нысанда көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинетіне" жолданады.

10. Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігін тексермейді .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті беруші лицензияны алуға және қайта ресімдеуге ұсынылған құжаттар мен мәліметтер тіркелген кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде олардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және оны өтініш берушіге портал арқылы электрондық құжат нысанында жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім қабылданған жағдайда жауапты құрылымдық бөлімше көрсетілетін қызметті алушының алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешімді қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушыны тыңдаудың өткізілетін уақыты мен орны (тәсілі) туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес өткізіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес Бірыңғай байланыс орталығына және өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына жолдайды

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-1. Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің көрсетілетін қызметті алушының кернеудің кемінде төрт сыныбының электр желілерінің (кәбілдік немесе әуе электр беру желілерінің) болуы туралы талаптарға сәйкестігі тұрғысынан келісімін алу үшін (220, 110, 35, 20, 10, 6, 0,4 киловольт) ұлттық электр желісімен тікелей технологиялық байланысы бар көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының лицензия алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген сұрау салу мен құжаттарды жібереді.

Рұқсат беру органының сұрау салуы негізінде электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі немесе сәйкестігі туралы қорытынды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті алушыға бару және (немесе) шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу арқылы 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінімін және ұсынылған құжаттарын қарайды.

Ескерту. 2-тарау 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-2. Электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің көрсетілетін қызметті алушының электр энергиясын кемінде отыз мың тікелей қосылған тұтынушылардың, оның ішінде жалпы үй желілері арқылы болуы туралы талаптарға сәйкестігі тұрғысынан келісімін алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының лицензия алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне " Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көзделген сұрау салуды және құжаттарды жібереді.

Рұқсат беру органының сұрау салуы негізінде электр энергетикасы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігі немесе сәйкестігі туралы қорытынды ұсына отырып, көрсетілетін қызметті алушыға бару және (немесе) шақыру тәртібімен рұқсат беру бақылауын жүргізу арқылы 5 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының өтінімін және ұсынылған құжаттарын қарайды.

Ескерту. 2-тарау 11-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 15.01.2025 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12 Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

лицензия алу үшін:

1) жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынуы;

2) лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) өтініш берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 60 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10598 болып тіркелген) бекітілген энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ

құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

6) өтініш берушінің лицензия алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы.

лицензияны қайта ресімдеу үшін:

1) лицензиялық алымның енгізілмеуі;

2) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттар көшірмелерінің ұсынылмауы немесе тиісінше ресімделмеуі;

3) ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құжаттардың ұсынылмауы немесе тиісінше ресімделмеуі;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тексеріс жағдайында өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беруге болады.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

14. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электронды түрде берілген кезде) хабарлайды.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

"Энергиямен жабдықтау
мақсатында электр энергиясын
сатып алу қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Заңды тұлғаның энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____

(лицензиардың толық атауы)

_____

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_____

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (түрлерінің) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді өтінемін.

Заңд тұлғаның мекенжайы _____
_
(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)
Электрондық пошта _____
__.
Телефон нөмірлері _____
__.
Факс _____
__.
Банктік шот _____
__.
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____
__
(пошталық индекс, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі).

Тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызмет – абоненттік қызметтерді, учаскелерді құру туралы бұйрықтың болуы туралы ақпарат:

1) қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі_____;
2) бұйрыққа қол қойылған күн_____;
3) жауапты адамның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі _____
_____.

Кемінде 10 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айналым қаражатының болуы туралы ақпарат:

1) банктің атауы _____;
2) шот нөмірі _____;
3) айналым қаражатының көлемі (сомасы) _____;

"Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензия беру үшін бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы мәліметтер:

түбіртектің нөмірі мен күні _____.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 60 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10598 болып тіркелген) белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Осымен:

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні расталады.

_____

Осымен, өзім ұсынған (толтырған) ақпараттың анық болуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатынымды растаймын.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Толтырған күні: 20__ жылғы "__" _____

"Энергиямен жабдықтау
мақсатында электр энергиясын
сатып алу қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Жеке тұлғаның энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.11.2022 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____

__

(лицензиардың толық атауы)

_____

__

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____

__

(қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің (түрлерінің) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруіңізді өтінемін.

Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы _____
__
(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)
Электрондық пошта _____
_.
Телефон нөмірлері _____
__.
Факс _____
__.
Банктік шот _____
_.
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____
(пошталық индекс, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі).

Тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызмет – абоненттік қызметтерді, учаскелерді құру туралы бұйрықтың болуы туралы ақпарат:

1) қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі_____;
2) бұйрыққа қол қойылған күн_____;
3) жауапты адамның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі _____
_____.

Кемінде 10 000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айналым қаражатының болуы туралы ақпарат:

1) банктің атауы _____;
2) шот нөмірі _____;
3) айналым қаражатының көлемі (сомасы) _____;

"Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензия беру үшін бюджетке лицензиялық алым төлеу туралы мәліметтер:

түбіртектің нөмірі мен күні _____.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушы "Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 60 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10598 болып тіркелген) белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Осымен:

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш берушінің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін беретіні расталады.

_____

Осымен, өзім ұсынған (толтырған) ақпараттың анық болуы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болатынымды растаймын.

Басшы _____

(электрондық цифрлық қолтаңба) (аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі)

Толтырған күні: 20__ жылғы "__" _____

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 3-қосымша Нысан

Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметі түрін жүзеге асыруға лицензия алуға арналған мәліметтер нысаны

Тұтынушылармен жұмысты қамтамасыз ететін қызметті - абоненттік қызметтерді, учаскелерді құруы туралы бұйрықтың болуы туралы ақпарат:

1) қызметті құру туралы бұйрықтың нөмірі _____;

2) бұйрыққа қол қойылған күн _____;

3) жауапты адамның Т.А.Ә. _____.

"Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 4-қосымша Нысан

Заңды тұлғаның энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу қызметіне лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші

